



«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«Шаңырақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК



5 қыркүйек- ТІЛДЕР күні
Тақырыбы: «Тіл-ең қымбат қазына!»

Өткізген:
Тәрбиеші : Алдиярова Н.К.

Хромтау ауданы, 2024 жыл

«Тіл – ең қымбат қазына!»

Тәрбиеші: Армысыздар, құрметті қонақтар! Бүгінгі Тіл мерекесіне арналған тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! Ана тілі - адамның жан дүниесінің айнасы, өсіп - өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Ана тілі халық тарихының барлық кезеңдерін ұрпақтан - ұрпаққа жеткізетін асыл қазына.

Қазақ тілім - өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.
Қастерлейді ұл - қызың мәңгі сені,
Болашағым, бақытым, дара тілім - дей отырып, Тіл мерекесіне орай
ұйымдастырылған «Балдәурен» тобының, «Тіл – ең қымбат қазына!» атты
мерекелік тәрбие сағатын бастауға рұқсат етіңіздер.

Балалар, құтты болсын тілің бүгін,
Ашатын жан сарайын білімдердің.
Кешегі анаң айтқан, бабаң айтқан,
Тіліне зер салыңдар бұрынғының.
Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,
Ана тілін білу бірақ, заңдылық.
Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда,
Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!

« Әнұран» айтылады

Балалардың тақпағын тыңдаңыздар:

Ана тілім - елдігім,
Ана тілім - ерлігім.

Тілді биік құрметтеп,
Тойлап жатыр ел бүгін.

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.

Ана тілің біліп қой,
Мақтанышы елімнің.

Тілім барда мақтанам,
Тілім менің аппақ ән.

Бірлігімді бүгінгі,
Ана тілім сақтаған.

Ақыл - ойын дананың,
Ана тілден аламын.

Ана тілім ардақты,
Ақ сүтіндей ананың.

Ардақта өз тіліңді,
Боласың білімді.

Өз тілің үйретер,
Өнерді, ғылымды.

- Дұрыс. Біздің мемлекеттік тіліміз қандай тіл?- Қазақ тілі.

- Жарайсындар балалар! Біз өз тілімізде таза, анық сөйлеуіміз керек.
Болашақта сендер орыс, ағылшын тілдерінде үйренесіңдер, бірақ өз ана
тілдерің қазақ тілдерін ешуақытта ұмытпай, құрметтеп, қадірлеп жүріңдер.

